

**Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 4 наурыздағы "Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 желтоқсандағы XXIV сессиясының "Шиелі ауданының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" N 24/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 28/2 шешіміне өзгерістер енгізу жайлы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 маусымдағы N 32/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 8 шілдеде N 10-9-120 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қызылорда облысы Шиелі ауданының мәслихат аппаратының 2011 жылғы 08 қарашадағы N 265 хатымен).

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды ( Қызылорда облысы Шиелі ауданының мәслихат аппаратының 2011.11.08 N 265 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабының 1 тармағының 15)-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 773 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" N 1719 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат (кезектен тыс XXXII сессия) **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 4 наурыздағы "Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 желтоқсандағы XXIV сессиясының "Шиелі ауданының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы N 24/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 6 қаңтарында N 10-9-99 болып тіркелген. аудандық "Өскен Өңір" газетінің 2010 жылғы 16 қаңтарында N 8, 20 қаңтарындағы N 9 шығарылымындарында жарияланған) шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 28/2 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 12 наурызында N 10-9-108 болып тіркелген аудандық "Өскен Өңір" газетінің 2010 жылдың 20 наурызындағы N 27-29 шығарылымында жарияланған) шешімінің 1 бөлігінің жақша ішіндегі "аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 6 қаңтарындағы N 25/2 шешімімен өзгерістер енгізілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 18 қаңтарында N 10-9-101 болып тіркелген, аудандық "Өскен Өңір" газетінің 2010 жылғы 27 қаңтарындағы N 11-12 шығарылымында жарияланған" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>сессия төрағасы</i>	<i>Аудандық Ж. Жәрімбетова</i>	<i>Мәслихаттың</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Аудандық С.Қ. Оразымбетов</i>	<i>Мәслихаттың</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК